

**Көкшетау қаласындағы үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек-балаларға әлеуметтік көмек көрсету туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 2 ақпандағы № А-2/194 қаулысы. Ақмола облысы Көкшетау қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 1 наурызда № 1-1-167 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 6 ақпандағы № А-2/158 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 06.02.2015 № А-2/158 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік кодексінің 56 бабының 1 тармағы 4 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағы 14 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қолдау туралы» Заңының 11 бабының 2 тармағы 3 тармақшасына сәйкес және Көкшетау қаласының үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларына материалдық көмек көрсету мақсатында Көкшетау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Көкшетау қаласындағы үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларға тоқсан сайын алты есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек ұсынылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Көкшетау қаласы әкімінің орынбасары **Т.Ж. Кәкпен**ке жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*  
**«КЕЛІСІЛДІ»**

*М.Батырханов*

*мекемесінің бастығы*

*«Көкшетау қаласының білім бөлімі» мемлекеттік*

*Х.Х.Ғазизов*

*«Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және*

элеуметтік бағдарламалар  
бөлімі» мемлекеттік  
мекемесінің бастығы Қ.А.Ахметов  
«Көкшетау қаласының экономика  
және бюджеттік жоспарлау бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің бастығы А.Б.Омарова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК